



*«Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми  
кітапханасы» КММ  
Әдістеме-библиография бөлімі*

## **«Өшпестей өнерде із қалдырған...»**



**/Қазақстанның халық әртісі Әнуар Боранбаевтың  
туғанына 75 жыл ((1948-1999/**

**Библиографиялық көрсеткіш**

**«Арқалық қаласындағы облыстық  
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ  
Әдістеме- библиография бөлімі**

***Өшпестей өнерде із қалдырған***

**Қазақстанның халық әртісі Әнуар Боранбаевтың  
туғанына 75 жыл**

**Библиографиялық көрсеткіш**

*Арқалық қаласы*

*2023*

*2*

ӘОЖ 791

КБЖ 85.33

Ө 97

Құрасты., компьют. терген: Т. С. Қойшыбаева  
Жауапты ред.: С. Қ. Ибикенова

**Құрастырушы:** Т. С. Қойшыбаева  
**Шығарылымға жауапты:** К. Б. Борибаева  
**Мұқабаны безендірген:** Т.С. Қойшыбаева  
**Редактор:** С. Қ. Ибикенова

[Мәтін] : (Өшпестей өнерде із қалдырған Әнуар Боранбаевтың туғанына 75 жыл толуына арналған ) : Көрсеткіш /Арқалық қаласындағы №2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиография бөлімі ; [құраст.; Т. С. Қойшыбаева ; шығарылымға жауапты К. Б. Борибаева ; ред. С. Қ. Ибикенова]. – Арқалық : [б.б.], 2023. – 38 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме–библиография бөлімі әртіс, Әнуар Боранбаевтың туғанына 75 жыл толуына арналған көрсеткіш дайындады.  
Көрсеткіште Әнуар Боранбаевтің өмірі туралы, сондай-ақ шығармашылық жолы жайында мағлұматтар берілген.

ӘОЖ 791  
КБЖ 85.33  
Ө 97

© Т. С. Қойшыбаева



## Қазақ өнерінің дарабозы

Боранбаев Өнуар қазақ сахнасы мен киносының шоқ жұлдыздарының бірі, осы өнерде өшпес із қалдырған дарын иесі. Қазақстанның халық әртісі. 1948 жылы Қостанай облысы Амангелді елді мекенінде дүниеге келген. Амангелді орта мектебін бітірген соң 1966 жылы Алматы мемлекеттік консерваториясының театр факультетіне түседі. Ол оқу орнын 1970 жылы ойдағыдай аяқтап, М.Әуезов атындағы академиялық драма театрына актер болып қабылданады. Жас актер театр репертуарына там – тұмдап, тиіп – қашып дегендей кіріге бастады. Бірақ, өткінші рольдерді иемденсе де, қысылып – қамыға, тіпті алғашқыда аға, орта буын артистерден білмегенін батып сұрай алмай, өзі тұстастардан озып кетудің есебін тағы таппай дел – сал бір күй кешіп еді басынан. Сондай қиын сәтте қол ұшын беріп, Өнуар жайлы жылы сөз айтқан қамқор адамның бірі, артист қауымның абызы іспетті марқұм Серағаң (Серәлі Қожамқұлов ) еді. Өнуар жас болғанымен, талантының бастамасы тым тәуір. Өзіне тіл қатсаң, екі беті ду етіп қызарып шыға келеді. Мінезі жібектей, даурықпа емес. Асылы осы жігіттен дуалы өнерпаз шығады. Аяқ алысы биязы болғанымен, ішкі сарайы күміс шашып тұр, нанбасаң көзіне қара. Өгізбаев Жағданы еске түсірмейме ? Құлаш Мұқашевтің «Дала» дастанындағы Ілиясты ойнағанда мен осындай ой түйдім – деген еді сахнаның қадірменді қарт саңлағы, кезекті бір артистердің жиынында. Жас актерге Серағаның сол сөзі демеу берді. Дер кезінде ақ бата берген қарт бабаның сенімін ақтап өтуге жас Өнуар шын пейілден ой түйгенді. Ол ойдың түйіні – актер үшін қашан да роль жасау, роль жақсы шықса, актерге одан артық қуаныш жоқ. Олай болса, өзіндік соқпақпен, өзгеше бояумен сахнаға сан қырымен жарқ етіп шыққан ақиық азамат ақын Ілияс бейнесі Өнуардың басына қонған бақыты. Әрбір актер өзі жасаған қаһарманның қожасы болуы керек екенін еске салсақ, Ілияс роліндегі Өнуардың жұп – жұмыр жинақылығы, өзіне – өзі қатал қарайтын жауапкершілігі көрерменнің айызын қандырып, театр мамандарының зердесіне үлкен сенім ұялатты. Оның өз кейіпкеріне деген ыстық сүйіспеншілігі, актерлік жан – дүниесінің алуан кестелігі, табиғи қисынға сай іс – әрекетінің романтикалық пафосқа пәрменділігі оған Ілиясты алдымен күрескер азамат, содан кейін апайтөс ақын етіп көрсетуге қыруар мүмкіндік берді. Өнуар Боранбаев ойнаған Мұқтар Әуезовтың «Қаракөзіндегі» Сырымын Ілияс бейнесімен салыстыра қарасақ, олардың басты ұқсастықтары екеуінің де ақындықтары дейміз. Бірақ, олардың өмір сүрген кезеңдері әр

басқа. Көксеген мақсаттары да, хикметтері де әр алуан. Оған қоса күні кешеге дейін сан жылдар бойы Сырымды толғап келген тәжірибелі сахна шебері Шахан Мусиннің ізіне түсіп кетпей Әнуардың бөгде сүрлеумен кетуі керек болды.

4

Шаханның Сырымды көбіне көп нәзік жандылықпен үлкен эмоциялық әсерде, жанарына жас тола, үні дірілдей, лирикалық тұрғыда көрінетін. Оған актердің ақынжандылық қасиеті себеп болса керек. Ал, Әнуар соны бағытқа бет қоя Сырымды ерлік, өрлік, қаһармандық жауынгер жігіт сипатында көрсетуді нысанаға алды. Ол бұлтты күнгі найзағайдай жарқылдап сұрқ – сарқ ете төніп келгенде, көкірегі нала мен наразылыққа толы сері Сырымның эпикалық тұлғасы көз алдында дөңгеленіп тұра қалғандай. Алуан – алуан екпін, қиыннан қиыстырып тауып кету, тасып төгілген жыр жолдарын иін қандыра жасытпай жеткізу сияқты міндеттер жас актердің санасы мен сезімін тұсап – матай алған жоқ. Ұлттық һәм дүниежүзілік классикалық туындыларда кесек бейнелерді өзіндік шеберлікпен сомдаған жаны сергек, ойы терең хас шебер Әнуар Боранбаев Қ. Мұқашевтің «Дала дастандағы» Ілияс, М. Әуезовтың «Қаракөзіндегі» Сырым, «Айман-Шолпанындағы» Арыстан, «Қарақыпшақ Қобыландысындағы» Бірсімбай, «Еңлік – Кебектегі» Кембай, Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен теріндегі» Еламан, Ш. Айтматовтың «Ана – Жер анасындағы» Майсалбек, «Ақ кемесіндегі» Момын шал, Т. Ахтановтың «Антындағы» Бөгембай, тағы басқа көптеген ролдері қазақ сахна өнерін биікке көтеріп қана қоймай, театр тарихына алтын есіммен рөлдер енгізді. Әнуар Боранбаевтың қазақ кино өнеріндегі еңбегі де елеулі. «Қазақфильмнің» ондаған туындыларында басты рөлдерде ойнаған актер Қырғызстан мен Ресейдің экрандарына да шығып, қалың көпшілікке сезімталдығымен, сыршылдығымен, көрікті келбеті әрі кәсіби шеберлігімен танымал болды. Ол «Гаухартас», «Біздің үй көгілдір таулар ортасында», «Түрксіб» тағы басқа фильмдерде актерлік шеберлігімен өз образын алып шықты, көрермендерін иландыра білді. Талант иесі қарапайымдылығымен, шынайы адамшылығымен ортасында қадірлі болғаны ақиқат. Әнуар ең алдымен азаматтық арына шаң жұқтырмаған кіршіксіз жан еді. Кісілігі қандай десеңізші. Жай бір сөйлерінің алдында да жүрегінің нәзіктігінен шығар, бетіне дыз етіп жеңіл қызыл алау ойнап шыға келіп, содаң өңі жалқындана нұрланып кетуші еді. Ұяты бетінде тұратын ұлағатты жігіт болды. Даусының үнділігі мен сөзінің тазалығы, ырғақтығы мен майда қоңырлығы жағынан бас кеуделі әртістердің санатында дәріптелетін тарлан тұлға болып қалыптасарын кім білген?! Демек Әнуар екінің бірінде кездесе бермейтін ерекше ерік – жігердің, керемет күштің иесі болған. Ол атақ бітсе жоталанып, дауысының ажары өзгеріп сала беретін жігіттердің қатарынан емес еді. Керісінше, сәби мінезді, нанғыш, иілгіш актер болатын. Дарынды актер бауырын жазып көсіле алмай, өксікпен кеткен өнер тарланы. Өкінішке қарай, кинода да, сахна да өзінде бардың бәрін айқара ашып кете алмады.

Мүгедектікке тым ерте ұсынды, ерте ажал құшты. Оның аңқылдаған баритон дауысы, кеудеден шығатын ғажап қоңыр үні актерге тәңір берген қабілет еді. Талантының салмағын бағалайтын ағайын Әнуар Боранбаевты арманда кеткен актер деп те айтады.

5

Ол бүкіл саналы ғұмырында Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М. Жұмабаев секілді алаштың ардақтыларын сомдауда армандап өтіпті. Мағжанға ұқсайтын және оның өлендерін жатқа айтқан кезде Әнуардың өнерге деген құштарлығы, ішкі мәдени терең мазмұны менмұндалап, жарқырап кететін, деседі замандастары. Ұлы актер Әнуар Боранбаев 1999 жылы 17 желтоқсанда Алматы қаласында Кеңсай зиратында мәңгілікке тыныстады. Соңында жалғыз тұяғы, сүйікті ерке қыз Әселі, жұбайы Ақбөпе Қамалқызы қалды. Бүгінгі таңда театр мен кино өнерінің дарабозы Әнуар Боранбаевтың есімінде туып – өскен өңірі Амангелді ауданының орталығында мектеп және Арқалық қаласындағы кинотеатр бар

### **Әнуар Боранбаев туралы жылы лебіздері**

Әнуарды ойласам, таңғыжайып актер Әнуар Молдабеков те есіме түседі. Екеуі – қос қанатым еді: Молдабеков пен Боранбаев. Қанаттарым қайырлды, майырылд

**Әзірбайжан Мәмбетов**

Сенің өмірің батырлардың өмірі сияқты. Бәріне көндің, төздің. Ол – өзіңді-өзің сыйлағаның. Өздеріңе ұстаз болған апаларыңды сыйлағаның.

**Хадиша Бөкеева**

Бізден кейін келген Әнуар бастаған бір топ жастар да үлкен өнерден өз орындарын алды, алдымыздағы «алыптардың» шет жағасын көріп, бақытты шаққа кенелегн еді

**Сәбит Оразбай**

Өкінішіке қарай Әнуар кинода да, сахнада да өзінде бардың бәрін айқара ашуға үлгере алмады. Мүгедектікке тым ерте ұрынды, ерте ажал құшты

**Әшірбек сығай**

Әнуар Боранбаев М. Әуезов театрының, жалпы, қазақ театр өнерінің сағнасындағы таза, нәзік, мөлдір, шыншыл тұлға еді. Сонымен бірге ол

адамгершіліктің мысалындай болды. Театрға бір үлкен таза жүректі, әдемі лирикалық болмысты, өнерге деген пәк көзқарасты, адалдықты алып келді

**Тұңғышбай Әл-Тарази**

6

«Тай құлындай тебіскен, қайта айналып келіскен» деген сөз барғой қазақта. Біз Әнуар екеуміз бір үйде туып-өскен балалардай тайталасып, қайта табысып өстік. Өз басым дос, бауыр деген мағынаны қатты қадыр тұтам. Сол қимас достарымының бірегейі, үзегелес досым Әнуарды әрдайым еске аламын. Бірге оқыдық, бірге қызметтес болдық, қатар жүріп рөл ойнап, әріптес болдық. Өмірдің ащы-тұщы сәттерінде бір-бірімізге ақылшы, сүйеу болдық. Мұндас едік сыйлас едік

**Бақыт Жанғалиева**

Әнуар Боранбаевпен өнерде де, өмірде де қатар жүрдік. Мен оны бауырын жазып көсіле алмай, өксікпен кеткен өнер тарланы деп білемін. өзінің өнердегі таза жолымен жүрді

**Әшірбек Сығай**

1975 жылы «Гауһартас» фильмі түсірілетін болып, Әнуар Боранбаевпен солкезде таныстым. Менің повесімде Ыбыш-Тастан мол б бүркіт секілді қонжиып отыратын дөрекі, зор денелі болатын. Әнуар Боранбаев осы рөлге бекітілді дегенде ол қалай ойнайды деп көзге елестете алмай-ақ қойдым. Сол жылдың 31 желтоқсанында Кино үйінде «Гауһартастың» премьерасы өтті. Фильмді бірнеше рет қайталап көргеннен кейін, режиссердің актер таңдауында жанылыспағаның түсіндім. Әнуар актерлік шеберлігімен өз образын алып шықты, көрермендерін иландыра білді енді Боранбаевсыз «Гауһартасты» елестете алмаймын

**Дулат Исабеков**

### Ол туралы әдебиеттер:

1. Асылханұлы, С. Біздің Әнуар [Мәтін] / С. Асылханұлы // Сахна саңлағы : белгілі режиссер Сәулебек Асылханұлы туралы ой– толғаныстар / құраст. Ш. Балтаева. – Алматы, 2009. – Б. 111–114.
  2. Әлім Қ. Актер тағдыры [Мәтін] : Қазақстан Республикасы халық әртісі Әнуар Боранбаев туралы естеліктер мен трагедиялық хикаят / Қ. Әлім. – Астана, 2008. – 504 б.
  3. Әлім, Қ. Сейілмейтін мұң [Мәтін] : трагедиялық хикаят / Қ. Әлім. – Астана, 2010. – 112 б.
  4. Әнуар Боранбаев [Мәтін] // Сығай, Ә. Сахна саңлақтары / Ә. Сығай. – Алматы, 1998. – Б. 455–460.
  5. Әнуар Боранбаев [Мәтін] // Орманов, Қ. Ел мен жер және тұлғалар тарихы : [өлкетану оқулығы] / Қ. Орманов. – Алматы, 2014. – Б. 358–359.
  6. «Гауһартастың» тылсымы [Мәтін] // Әлім, Қ. Кәусар : әдеби порт., эсселер / Қ. Әлім. – Алматы, 2015. – Б. 373–382.
  7. Құндақбайұлы, Б. Боранбаев Әнуар [Мәтін] / Б. Құндақбайұлы // Қазақстан : ұлттық энцикл. / бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы, 1999. – Т. 2. Ә – Г. – Б. 276.
  8. Құндақбайұлы, Б. Боранбаев Әнуар [Мәтін] / Б. Құндақбайұлы // Торғай елі : энциклопедия / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы, 2013. – Б. 131.
  9. Саңлақ сахнагер [Мәтін] : [әртістің туғанына 60 жыл] / ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қазақ мемлекеттік М. Әуезов ат. академиялық драма театры әкімшілігі, Ұйымдастыру комитеті // Әлім, Қ. Терең тамыр : тарихи–этнографиялық хикаят / Қ. Әлім, С. Меңдібай. – Астана, 2009. – Б. 264–265.
- Мақалалар, сұхбаттар:
10. Актер Әнуар Боранбаев [Мәтін] : [сұхбат] / сұхбаттасқан Әлия Бөпежанова // Қазақ әдебиеті. – 1991. – 4 қаңтар. – Б. 12.
  11. Арманда кеткен актер [Мәтін] : [актер Әнуар Боранбаев туралы] // Жас өркен Қостанай. – 2016. – № 2. – Б. 12
  12. Аханбайқызы, А. Бар қазақтың жеңгесі Салтанаттай болсайшы [Мәтін] : ["Гауһартас" фильмі туралы] / А. Аханбайқызы // Айқын. – 2006. – 24 тамыз. – Б. 11.
  13. Әбілтаев, Ә. Егіз өнерді қатар әлдилеген Әнуар [Мәтін] : [әртіс туралы] / Ә. Әбілтаев // Қостанай таңы. – 2008. – 22 қазан. – Б. 4.
  14. Әбілтаев, Ә. Егіз өнерді әлдилеген Әнуар [Мәтін] : [халық әртісі Әнуар



Боранбаев туралы] / Ә. Әбілтаев // Торғай.– 2008. – 29 тамыз. – Б. 4. 15.  
Әл–Тарази, Т. Тағдырдың тиген оғы [Мәтін] : [әртіс туралы] / Т. Әл– Тарази //  
Әдебиет айдыны. – 2008. – 29 мамыр. – Б. 4.

16. Әлім, Қ. Актер жолы [Мәтін] : [Қазақстанның халық артисі Әнуар  
Боранбай туралы] / Қ. Әлім // Отбасы және денсаулық. – 2012. – № 11– 12. –  
Б. 37–51 8

17. Әлім, Қ. Арманда кеткен актер ол [Мәтін] / Қ. Әлім // Самопознание. kz. –  
2013. – № 1. – Б. 79.

18. Әлім, Қ. "Гауһартастың" тылсым сыры [Мәтін] / Қ. Әлім // Егемен  
Қазақстан. – 2008. – 24 қыркүйек. – Б. 13.

19. Әлім, Қ. Тәлкекті тәркі етіп... [Мәтін] : [халық әртісі Әнуар Боранбаев  
туралы] / Қ. Әлім // Егемен Қазақстан. – 2006. – 4 қазан. – Б. 6.

20. Әмірбекұлы, С. "Мен толық ашыла алмадым, әттең..." [Мәтін] : [әртіс  
туралы] / С. Әмірбекұлы // Айқын. – 2013. – 20 сәуір. – Б. 5.

21. Әнуар [Мәтін] : ән / сөзі С. Тұрғынбековтікі ; әні Қ. Деріпсалдиндікі //  
Қазақ. – 2008. – 30 мамыр. – Б. 8.

22. Әнуарбек Боранбаев [Мәтін] : [қазанама] / ҚР Мәдениет, ақпарат және  
қоғамдық келісім министрлігі // Егемен Қазақстан. – 1999. – 15 желтоқсан. –  
Б. 4.

23. Бектасова, Г. Қазақ өнерінің ақсұңқары [Мәтін] : [актер туралы] / Г.  
Бектасова // Түркістан. – 2008. – 5 маусым. – Б. 11.

24. Байділдин, Ш. Дара тұлға [Мәтін] : [ халық әртісі Әнуар Боранбаев  
туралы] / Ш. Байділдин // Арқалық хабары. – 2008. – 31 қазан. – Б. 3.

25. Байділдин, Ш. Талантты актер [Мәтін] : [әртіс Әнуар Боранбаев туралы] /  
Ш.Байділдин // Қостанай таңы. – 2016. – 16 наурыз. – Б. 10

26. Боранбекқызы, Д. "Гауһартас" [Мәтін] : [" Гауһартас" фильмі жайлы] / Д.  
Боранбекқызы // Жұлдыздар отбасы. – 2012 . – № 20. – Б. 28–31.

27. Досанов, С. Асығып аққан ақ жұлдыз [Мәтін] : [ халық әртісі Әнуар  
Боранбаев туралы] / С. Досанов // Қостанай таңы. – 2008. – 6 маусым

28. Есали, Айнаш. Арманда кеткен актер ол [Мәтін] : [әртіс Әнуар Боранбаев  
туралы] / Айнаш Есали // Егемен Қазақстан. – 2006. – 4 қазан. – Б. 6.

29. Жақсан, О. Жұлдыздар із тастап ағады [Мәтін] : [әртіс Әнуар Боранбаев  
туралы] / О. Жақсан // Жас өркен Қостанай. – 2010. – № 4. – Б. 20–22. ;  
Мәдениет. – 2010. – № 5 (мамыр). – Б. 22.

30. Жанғалиева, Б. Себебі ол – актер [Мәтін] : [халық әртісі Әнуар Боранбаев  
туралы] / Б. Жанғалиева // Мәдениет. – 2008. – № 3. – Б. 34–35.

31. Жүнісұлы, Ж. Сахна саңлағы Әнуар Боранбаевтың есімімен аталатын  
кинотеатр алғашқы көрермендерін қабылдады [Мәтін] : [кинотеатрдың  
ашылуы жайында] / Ж. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2006. – 31 қаңтар. – Б. 3.

32. Жүнісұлы, Ж. Сахнамен қоштасарда залдағылардың қимастықпен  
жылағаны бар [Мәтін] : [халық әртісі Әнуар Боранбаев туралы естелік] / Ж.  
Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2008. – 28 мамыр.

33. Исабеков, Д. Тайга үстінде қалықтаған қазақ әні [Мәтін] : [халық әртісі

Ә.Боранбаев туралы] / Д. Исабеков // Егемен Қазақстан. – 2008. – 14 наурыз. – Б. 4.

34. Мұқатов, Н.Адам еді жүзі нұрлы, жаны жалын [Мәтін] : [әртіс Әнуар Боранбаевты еске алу кеші] / Н. Мұқатов // Егемен Қазақстан. – 2008. – 11 маусым.

9

35. Мұқатов, Н. Туған жер тербетіп жатыр.. [Мәтін] : [ халық әртісі Әнуар Боранбаев туралы] / Н. Мұқатов // Қостанай таңы. – 2008. –11 маусым.

36. Мұсабаев, Х. Дүлдүл дарын [Мәтін] : [ халық әртісі Әнуар Боранбаев туралы] / Х. Мұсабаев // Қостанай таңы. – 2008. –18 наурыз. – Б. 5.

37. Нұрбеков, С. Мұны сейілмеген актер [Мәтін] : [журналист– жазушы Қайсар Әлімнің "Сейілмейтін мұң" атты трагедиялық хикаяты туралы] / С. Нұрбеков // Егемен Қазақстан. – 2011. – 22 ақпан. – Б. 12.

38. Сейдахметов, Т. Жаңа мектепке Әнуар Боранбаевтың есімі берілді [Мәтін] : [мектепке жаңа есім берілуі жайында ] / Т. Сейдахметов // Қостанай таңы. – 2000. – 8 маусым. – Б. 4.

39. Сейдахметов, Т. Халық әртісіне құрмет [Мәтін] : [халық әртісі Әнуар Боранбаевқа ескерткіш орнатылуы туралы] / Т. Сейдахметов // Қостанай таңы. – 2000. – 6 қазан.

40. Сығай, С. Талайлы тұлға [Мәтін] : [өнердің ақсұңқары атанған Әнуар Боранбаевтың туған күніне орай ] / С. Сығай // Аманкелді арайы. – 2012.– 12–16 наурыз. – Б. 4.

41. Тамабекқызы, Н. Өнердің өз адамы [Мәтін] : [қазақ өнерінің ірі тұлғасы, Қазақстанның халық әртісі Әнуар Боранбаев жайлы] / Н. Тамабекқызы // Жас қазақ үні. – 2008. – 27 мамыр. – Б. 4.

42. Тілеубай, Б. "Актер тағдыры" [Мәтін] : [халық әртісі Әнуар Боранбаев туралы "Актер тағдыры" кітабының тұсаукесері өткізілді] / Б. Тілеубай // Қостанай таңы. – 2008. – 28 мамыр.


43. Шүкенов, А. Қимас дос едің Әнуар [Мәтін] : [халық әртісі Әнуар Боранбаев туралы] / А. Шүкенов // Қостанай таңы. – 2008.– 14 наурыз. –Б. 12.

## Отбасы шуағы



Әкесі Боранбай, шешесі Біжіке  
Әнуардың үлкен ағасы Боранбайұлы  
Сейтжанов

Әнуардың үлкен ағасы Социал  
Боранбайұлы Сейтжанов




Әнуардың ағасы

Ағалары Социял мен Төлеш


Советай Боранбайұлы

анасы Біжекен және Әнуар. Алматы, 1972

11



Әнуардың ұлы Ілияс пен сәбиі Әсел.  
Алматы, 1985  
Әнуар сәбиі Әселмен.  
Алматы, 1985



Әнуарға – 49 жас! Қызы Әселмен.  
Алматы, 1997



Әнуарға – 49 жас! Қасында – жұбайы Ақбөпе.  
Алматы, 1997



Інісі Талғат Боранбаевтың үйлену тойында.  
Арқалық



Әнуарға – 49 жас! Нұрлан, Болат және Мұратпен.  
Алматы, 1997



Әнуардың қызы мен күйеу баласы  
Әсел – Демеудің алдында – Таңат  
Боранбаевтың немересі Баян. 2005

Әнуардың жұбайы Ақбөпе қызы Әселдің  
Демеудей өмірлік жар тапқанына  
шаттанады. Арқалық, 2005





Дос – туыстарымен Досымбай, Қайсар, Мереке, Еламан, Әнуар, Қасқырбай, Таңатхан, Сартай және Жақыпбекпен бірге. Алматы, 1965



Солдан оңға қарай жоғарыда:  
Тілектес Мейрамов, Әнуар Боранбаев пен Уайыс Сұлтанғазин  
Төменде: Құман Тастанбеков, Асанәлі Әшімов және Құдайберген  
Сұлтанбаев.



Әнуардың ағасы Советай Боранбайұлы



Ағалары Социал мен Төле  
анасы Біжікен және Әнуар  
Алматы, 1972



Әнуар туысы Әнуар Арғынғазинмен ортада.



Әнуар досы Мұхтар Шәйкемеловпен



Әнуар достары Мұхтар және Ержанмен. Алматы



Әнуар ағасы Аманкүл Жақыпбековпен. Алматы



Театр тұлғалары



Фильмнен сәттер



Гаухартас фильмнен сәттер



Фильмнен сәттер




Фильмнен сәттер



Фильмнен сәттер





Қ.Мұхамеджанов, «Біз періште емеспіз», Ж.Сабырбаев – Ə.Боранбаев  
Т.Бердіяров, «Оқ пен от».  
Солдат – Ə.Боранбаев

Қ.Мұқашев, «Дала дастаны».Ілияс – Ə.Боранбаев



«Абай»спектаклінде – Ə.Боранбаев




М.Әуезов, «Айман-Шолпан», Арыстан – Ә.Боранбаев. 1969



Мәскеуге гастрольдік сапармен барғанда. (Ә.Боранбаев – оң жақтан бірінші )

Ғ.Мүсірепов, «Ақан сері –  
Ақтоғы». Сердәлі –  
Ә.Боранбаев  
А.Нұрпейісов, «Қан мен тер».  
Еламан – Ә.Боранбаев



Ш.Айтматов, «Ақ кеме», 1987. Момын шал – Ә.Боранбаев



М.Әуезов, «Қарагөз», 1986. Сырым – Ә.Боранбаев  
Нарша – Қ.Тастанбеков



С.Сматаев, «Жұлдызым менің жоғары»,  
1987.Рахмет – Ә.Боранбаев, Шолпан  
Л.Әбзелбаева



Ә.Боранбаев пір тұтқан  
В.Тиханов бейнесі  
альбомында сақталыпты  
Ақтангер актер Серке Қожамқұловты  
Әнуар пір тұтты



Қазақстан Республиканың халық әртісі  
Ә.Боранбаевтың 50жылдық  
мерейтойында. Алматы, 1998



Театр сыншысы Әшірбек Сығай досы Әнуарды мерейтойымен құттықтауда. 1998



М.Әуезов театрының тамаша тарланбоздары-ай!



50жасты жасартып, құлпыртқан театр қызғалдақтары-ай, десейші!



Ә.Боранбаевтың 50 жылдық мерейтойында. Қос қапталында Ақбөпе мен қызы Әсел. 1998



## Ел ықыласы



Солдан оңға қарай, үшінші Ә.Боранбаев,  
ағасы А.Жақыпов, інісі Ә. Арғынғазин, т.б.  
Алматы, 1977

Атақты актриса Сәбира Майқанова  
Аманкелді ауданына келді. 1985

Ә.Боранбаев  
(ортада)жерлестерінің құшағында.  
Аманкелді, 1977



С.Майқанова, Аманкелді аупарткомының  
бірінші хатшысы Т.Нұрмұхамедов,  
Ә.Боранбаев, т.б. Аманкелді, 1977



Соғыс ардагері Сейіл Ахметов інісі  
Әнуарды 50 жасқа толуымен құттықтады. 1998



Ә.Боранбаевқа жерлестері арғымақ мінгізді.  
Аманкелді, 1998



Ә.Боранбаевтың туған жер  
төсінде шахмат сайысына  
түскен сәті



Әнуардың «Мерке» шипажайында аяғын  
емдетіп жүрген кезі. 1990





### Есімі –ел есінде

Мектеп ашылуында Әнуардың інісі  
Таңат Боранбаевтың ағасы туралы  
әңгімеленген жинақ кітапты  
білім ордасына тапсыру сәті. 2000



Ә.Боранбаев атындағы мектептің ашылу  
рәсімінде халық әртісінің оқытқан  
алғашқы мұғалімі Жаңылдық лента қиды.  
2000



Кәсіпкер Мейрам Айдаболов  
Ә.Боранбаев атындағы мектепке  
компьютер кешенін сыйға тартты.  
2000



Ә.Боранбаев ескерткіші қасында інісі  
Таңат тұр. 2000



Қазақстанның халық әртісі Ә.Боранбаевқа Аманкелді ауданының орталығында орнатылған ескерткішті ашу салтанаты. (Солдан оңға қарай), кәсіпкер М. Айдаболов, Қазақстанның халық әртісі Ә. Кенжеев, аудан әкімі Ж.Түбекбаев, Әнуардың інісі Т.Боранбаев. Аманкелді, 2000



Әнуардың жеңгесі Тойған Мұханбетжанова (сол жақтан бірінші) ескерткішті ашу рәсімінде. 2000

Қазақстанның халық әртісі Әшірәлі Кенжеев ескерткіш ашылуында досы туралы сыр атқарды. 2000



Әнуар Боранбаев атындағы орта мектеп қақпасы.



Мектеп жанындағы интернат.  
Аманкелді, 2000



Қазақстанның халық әртісі Әнуар  
Боранбаевтың ескерткіші. Аманкелді, 2000



Ә.Боранбаев атындағы орта  
мектептің 1,2 сыныбын  
тамамдап, қазір Астанадағы өнер  
академиясында оқитын Зируза  
Тасмағамбетованың келешегінен  
атақты сазгер – әнші Марат  
Омаров зор үміт күтеді. Астана,  
2007



Ә.Боранбаев атындағы мектепке  
кіреберісте, Аманкелді, 2007



Әнуардың інісі (солдан оңға қарай) Т.Боранбаев, туысы Қ.Әлім, журналист Ж.Жүнісов және т.б. Аманкелді, 2000



Әнуар ескерткішіне тағзым.  
Аманкелді, 2002

Журналистер Ж.Жүнісов пен Қ.Әлім. Аманкелді, 2000



Ескерткіш қасында журналист – қаламгерлер. Жақсылық Жүнісов, Байтұрсын Ілияс және Қайсар Әлім. Аманкелді. 2002



## Туысқанмен тұғырлысын

Әнуар мен Ақбөпенің үйлену тойында ағасы  
Сайлау Байзақов (солдан бірінші, жеңгесі – үшінші. Мақыш)  
сөз сөйлеп тұр. Алматы, 1985



Әнуардың аға, жеңгесі Советай мен Тойған  
(ұлы Талғат, келіні Риза, қыздары Гүлжан мен  
Шолпан, Мұрат, немеренің үлкені Әсем)  
отбасы құшағында



Ағайынды Қайрат, Мұрат  
және Талғат Советайұлдары  
Боранбаевтар



Тойған ананың 70 жылдық мерейтойында  
әннен шашу шашқан әйгілі әнші Роза  
Рымбаеваны ортаға алып тұрғандар. (солдан  
оңға қарай) Талғат, Таңат және Қайрат  
Боранбаевтар. Алматы, 2007



Қайрат, оның зайыбы Шолпан және  
Талғат Боранбаевтар



Әнуардың жеңгесі Тойғанның (ортада) 70  
жасқа толған мерейтойында. Алматы, 2007



Әнуардың қызы Әсел тұрмысқа  
шыққан тойда



Гүлжан, Шолпан  
Советайқыздары



Қайрат Боранбаев анасы Тойғанмен



Әнуардың жеңгесі Қамаш отбасы ортасында



Гүлжан, Мұрат, Шолпан, Қайрат, Талғат



Тойғанның 70 жылдық мерейтойында



Таңат Боранбаев, атақты әнші Нұрлан Өнербаев  
және Жүгенбай Арғынғазин



Әнуардың інісі Таңат  
Боранбаев жары  
Жібекпен: балалары –  
Жұмағұл, Әбілхан және  
немересі Баян. Арқалық,  
2007






Арқалық қаласындағы Әнуар Боранбаев  
атындағы кинотеатр




Асығып аққан жұлдыз  
Қазақстанның халық әртісі  
Әнуар Боранбаевқа 75 жыл (1948–1999)




Әнуар Боранбаевтың 14  
фильмге түскені


## Ол туралы кітаптар:



Актер тағдыры [Мәтін] : Қазақстан Республикасы халық өртісі Әнуар Боранбаев туралы естеліктер мен трагедиялық хикаят / Қ. Әлім. – Астана, 2008. – 504 б.



Торғай елі [Мәтін] : энциклопедия / құраст.: Т. Рсаев. - Алматы: Арыс, 2013. – Б. 31



Ұлы дала: Торғай тарландары: Ғұмырбаяндық энциклопедия. / Ə.Жақып. – Астана: «Парыз» қоғамдық қоры, 2009. 2 – том. – 180 бет.

34

### Есімдердің әліпбилік көрсеткіші

Асылханұлы С. 1	Жаңғалиева Б. 30
Жүнісұлы Ж. 31,32	Исабеков Д. 33
Әлім Қ. 2,19	Мұқатов Н. 34
Әнуар Боранбаев. 3,4,5	Мұсабаев Х. 36
Аханбайқызы А. 12	Нұрбеков С. 37
Әбілтаев. Ә. 13,14	Сейдахметов Т. 38,39
Әмірбекұлы С. 20	Сығай С. 40
Бектасова Г. 23	Тамабекқызы Н. 41
Байділдин Ш. 24,25	Тілеубай Б. 42
Боранбекқызы Д. 26	Шүкенов А. 43
Досанов С. 27	
Жақсан О. 29	

## Мазмұны

1. Қазақ өнерінің дарабозы.....	4–5
2. Ә.Боранбаев туралы жылы лебіздері.....	6–7
3. Ол туралы әдебиеттер.....	8–10
4. Отбасы шуағы.....	11–16
5. Театр тұлғалары.....	17–22
6. Ел ықыласы.....	23–24
7. Есімі ел есінде .....	25–28
8. Туысқанмен тұғырлысың.....	29–32
9. Ол туралы кітаптар.....	34

**Шығ. жауапты:.....К. Б. Борибаева**  
**Құрастырушы:.....Т. С. Қойшыбаева**  
**Редакторы:.....С. Қ. Ибикенова**

**Қаріп түрі: Times New Roman.**

**Басылымның көлемі:**

**Таралымы:**

**«Арқалық қаласындағы  
облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ**

**110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы.  
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.  
E – mail:arkounb@mail.ru**



